

Өтепберген Ақыпбекұлы

КЕРЕК КІТАП

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрлігі ұсынған

Алматыкітап баспасы
2015

УДК 821.512.122-93
ББК 84 (5 Қаз)-44
А 38

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
жалпы білім беретін мектептің оқу-тәрбие үрдісінде пайдалануға ұсынады

Ақыпбекұлы Ө.

А 38 Керек кітап. Кіші мектеп жасындағы балаларға арналған өлеңдер мен жұмбақтар, жаңылтпаштар, санамақтар, ертегі / Ө Ақыпбекұлы. – Алматы: Алматыкітап баспасы, 2015. – 208 бет, суретті.

ISBN 978-601-01-2576-6

Белгілі балалар ақыны Өтепберген Ақыпбекұлының “КЕРЕК КІТАП” деп аталатын кезекті өлеңдер жинағы шын мәнінде балаларға, балабақша тәрбиешілері мен бастауыш сынып оқушыларына, ұстаздар қауымына және ата-аналарға өте керек, қажетті кітап болады деген сенімдеміз.

Жинақ 4 бөлімнен тұрады: I бөлім “Айдай аппақ бөпем бар” деп аталады. Аталмыш бөлім – ананың жүкті болғанынан бастап, сәбидің дүниеге келуі, яғни ұлттық салт-дәстүр негізінде жазылған “Құрсақшашу”, “Жарысқазан”, “Сүйінші”, “Қалжа”, “Итжейде”, “Бесікке салу”, “Қырқынан шығару”, “Қаз тұру”, “Бесік жыры”, “Тұсаукесер” сияқты өлеңдер топтамасынан тұрады. Кітаптың II бөліміндегі Қазақстан Республикасының рәміздері: Елтаңба, Әнұран, Ту туралы өлеңдер топтамасы республикалық мұшайрада жүлделі 3 орынды иемденген болатын. Сонымен қатар Конституция күні, Республика күні, Тәуелсіздік күні, Білім күні секілді мерекелік күндер жайлы, сондай-ақ, Баспасөз күні, Радио күні, Мұрағат күні тәрізді кәсіби мерекелер қақындағы және Аналар күні, Балаларды қорғау күні, Киношылар күні сияқты халықаралық мерекелер туралы өлеңдердің де көркемдік дәрежесі өте жоғары. III бөлім балалардың ой-қиялын жетілдіретін түрлі үлгідегі ойындар, жаңылтпаштар мен санамақтар, сұрамақтар мен мазақтамаларға арналған.

IV бөлімдегі “Айдындағы әліппе” топтамасының да көтерер жүгі қомақты. Балықтар тіршілігі жайлы өлеңдер мен жұмбақтар және әліпбилік ертегінің танымдық та, тәрбиелік те мәні зор.

УДК 821.512.122-93
ББК 84 (5 Қаз)-44

ISBN 978-601-01-2576-6

© Ақыпбекұлы Ө., 2011
© «Алматыкітап баспасы» ЖШС, 2011

I БӨЛІМ

АЙДАЙ АППАҚ БӨПЕМ БАР...





ҚҰРСАҒЫНДА АНАМНЫҢ ЗОР ҚУАНЫШ БҰҒЫП ЖҮР

1

“...Уақыт тығыз...
Амал жоқ,
Қызметтен қалам...” – деп:
Қиналмайды енді анам,
Ала таңнан алаң боп...

Жаны тыныш,
Күнде үйде,
Шай ішеміз біз бірге:
Жүрісі ауыр...
Толысып,
Түсті анам бір күйге...

“Жабысты ма бір індет?...” –
Жөн сұрасам білгім кеп...
Анам күле сөйлейді:
“Демалыста жүрмін!...” – деп.

2

Бір шаруаны қолға алар,
Болса анам:
“Қой, доғар!...” –
Деп бәйек боп ақ әжем,
Атам бірге қозғалар...

«Мен істейін мұны!...” – деп,
Әкемде де тыным жоқ:

Анау-мынау шаруаға,
Бұрылмайтын бұрын көп...

Нышаны екен ненің бұл,
Халат киген көгілдір:
Отбасылық дәрігер,
Үйге жиі келіп жүр.

Қарап, байқап, ұғып сыр,
Ойға кетем қызық бір:
Құрсағында анамның,
Зор қуаныш бұғып жүр!..

3

Бір адам жоқ сырттаған,
Дәрігер де, жұрт та алаң:
Бөленуде –
Аялы,
Қамқорлыққа жүкті анам!..

“Алда әлі – той, қызық!..”
Үнсіз қалам томпиып:
Атам менен әжемнің,
Сөздерінен ой түйіп...

Өркендеген осы елде,
Шалдықпайды кеселге:
Барлық адам,
Әрі арман –
Құрсақтағы бөпем де!..



ҚҰРСАҚ ТОЙ

...Думан шалқып, тынбады ән,
Көрген түстей бұл маған:
Жасап жатыр тойды жұрт,
Бөпеме
Әлі тумаған...

“Құрсақ шашу” шашылды,
Қазан-ошақ асулы.
Көрші үйдегі тәтелер,
Тілек айтты,
Тасынды.

“Естігенді –
Көз көрер, –
Дейді күліп жеңгейлер. –
Жақсы әйелдің ішінде,
Алтын бесік тербелер!..”



Қылын шерткен жүректің,
Бәрі жақсы тілектің:
“Айдарлы ұл,
Айдай қыз,—
Дейді,— аман-сау шыр етсін!”

Хабар күткен адамдай,
Қарайлаймын алаңдай.
Бүгін-ертең шыр етіп,
Бөпем туа қалардай...



ЖАРЫСҚАЗАН

Жадырамай күн ұзын,
Сипап үнсіз бұрымын.
Әлсін-әлі
Анашым,
Баса берді бүйірін.

“Жата тұршы, күнім!..” – деп,
Түсініксіз күбірлеп,
Әжем сыртқа беттеді,
Дауысында діріл көп.

Өңі неше құбылып,
Буынып та, түйініп,
Елпең қағып
Кетті Атам,
Телефонға жүгіріп.

Құбылыстай бұл заңды,
Іс басталды бір мәнді.
Көрші үйдегі тәтелер,
Кіріп-шығып,
Тынбады.



Қазан-ошақ асылып,
Көңілдер тұр тасынып.
Жетті “Жедел жәрдем” де,
Желдей есіп асығып...

Көрші апалар,
Табанды,
Қайнатуда қазанды...
“Жедел жәрдем” –
Салып ап,
Өкетті алып анамды.

Жұрт қарап бос тұра ма,
Деп қояды қуана:
“Қазан – бұрын қайнай ма,
Келін бұрын туа ма?..”

Алабұртып,
Құшып нұр,
Кетердеймін ұшып бір...
... Қазан беті бүлк етіп,
Жақсы хабар күтіп тұр...





СҮЙІНШІ!

”...Сүйінші!
Ой-ной!...”
Тым ерлеп,
Есік қақты біреу кеп.
Қайталанды сол дауыс:
“Сүйінші,
Кесте тігер!..” – деп.

Қобалжып атам бір түрлі,
Есікке тұра ұмтылды...
“Сүйінші!..” –
Осы бір сөзбен,
Үйге жылу, нұр кірді.

Кемсеңдеп,
Үнін шығармай,
Әжем жүр жаны шығардай.
“Кесте тігер...” –
Бұл сөздің,
Мен тұрмын мәнін ұға
алмай...

ҚАЛЖА

Әжем гүлдей жайнады,
Атам тіптен жайдары:
“Қалжасы,— деп,— келіннің.”
Қой сойды атап
Арнайы.

Жөн сілтейтін батыл тым,
Әжем — кені ақылдың.
Қалжаның мәнін ақырын,
Тәптіштеп сұрап жатырмын.

“Рәсім, күнім, бұл ұлы,—
Деп әжем сөйлеп, қызынды. —
Қалжа жеп, сорпа-су ішсе,
Анаңның бекір буыны.”

“Мәні көп мұның болжасаң, —
Деп іліп сөзді,
Созды атам. —
Қалжалы бала
Олжалы,
Ырысты болар, жан ботам!..”

Қалжада
Сыр көп білемін,
Кие деп ұқтым мұны өзім:
“Ауырмай анам,
Бөлем тез
Өссе екен деп тіледім!”



АТ ҚОЮ

Өмірден көп көргені,
Ақсақалға төрдегі:
“Азан шақыр,
Ат қой”, – деп,
Жиналған жұрт сөз берді.

Бата жасап бағыштап,
Қарт
Бөпемді алға ұстап:
“Сенің атың
Әмина!...” –
Деді үш рет дауыстап...

Ән-күй кетті қалықтап,
Атын естіп анық, нақ,
Езу тартты бөпешім,
Қуанғандай шалықтап...

БӨПЕШІМ

Қуаныш сыйлап күрт, шұғыл,
Болды бұл бір құтты жыл.
Бөпем туды –
Құп-құйттай,
Түсі ерекше қып-қызыл...

Көзі –
Сызық тартылған,
Кезі қызық тартынған...



Өзі іңгәләп сәт сайын,
Өзгермейді қалпынан.

Түсінбейді сөзге бір,
Қарамайды көзге бұл.
Қолыңа алып көтерсең,
Қуыршақтай жеп-жеңіл...

БҰЛ КІМ?

Көрген жанды таң қалдырар,
Үш келідей –
Салмағы бар...
Бойы –
Үш қарыс,
Шашы –
Селдір,
Бұл кім болды,
Ал табыңдар?..

Бойы,
Ойы – өсер кейін,
Өзі –
Тәтті шекердейін...
– Бұл кім болды?
– Бұл –
Әмина,
Құйттай ғана бөпем менің!..



АҒА АТАНДЫМ МЕН-ДАҒЫ...

Қалай тағам бекер мін,
Жұрт:
“Жігіт боп есейдің,
Бауы берік болсын,— дер, —
Кесте тігер бөпеңнің!..”

Есейдім бе табанда,
Мың сан ой жүр санамда.
“Аға болдың!”— дейді жұрт,
Маңыз беріп маған да...

Жайнадым да жайландым,
Бақыт құшқан жандаймын.
Мені де
Аға дегізген,
Ақ бөпемнен айналдым!



ШІЛДЕХАНА. БЕСІК ТОЙ

“Құтты болсын!..” айтылып,
Мәз-мәйрам боп жатты жұрт.
Жауып жатыр шашу боп,
Өрік-мейіз, тәтті, құрт...

“Үзілмесін той!..” – десіп,
Сөйлеуде жұрт ой көсіп.
“Қызыр дарып,
Құйттайға,
Өссін, – дейді, – бойжетіп!..”

Шілдехана –
Бұл да өзі
Ел салты екен іргелі.
Қызылшақа
Бөпемнің
Шілдесі қайтты, кірді өңі...

Шаттық тынбай алғашқы,
Өн, күй кезек алмасты.
Шілдехана соңы енді,
“Бесік тойға” жалғасты.



ИТЖЕЙДЕ

“Қой, бөпешім, бұлқынба,” –
Көндірді әжем ырқына.
Әйбәт жейде кигізді,
Тігісі тек сыртында.

Ғұмыр тілеп,
Жол тілеп,
Айтуда жұрт оң тілек:
“Жасың ұзақ болсын!..” – деп,
“Итжейдең тез тозсын!..” – деп...

Істі көріп бүгінгі,
Қабағым сәл түйілді:
Итжейде деп неліктен,
Атады екен киімді?!

